

Д. Шалқаров<sup>1\*</sup> , Қ. Аубакирова<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы  
Ұлттық қорғаныс университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

\*e-mail: Dihya-83@mail.ru

## «ИРШӘДУЛ-МУЛУК УӘС-САЛАТИН» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ТҮРКІ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДҮНИЕТАНЫМДАРЫНЫҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫ

Ортағасырлық түркі дүниетанымы мен мәдениетінің көрінісі, олардың сол кезеңдегі рухани мәдениетінің ислам әлеміне тікелей әсері мен оның өміршеңдігі жан-жақты талқыланады. Тарих аренасында мәмлүктер атымен белгілі болған түркі қыпшақтарының ислам әлемінде билікке қол жеткізгендігі, сол кезеңнен бастап түркі тілінің қоғамдағы алатын орны ерекше екендігі, ислам әлемінде бұл түркі тілін үйрету барысында тіл және оның грамматикалық ерекшеліктері ескеріліп оқытылғандығы, бұл тілдің қоғамдық қатынаста маңызды рөл атқарғандығы, бұл тілдің кең ареалға таралғандығы тәптіштеліп, қарастырылады. Түркілердің өздерінің қыпшақ тіліндегі тілдік ерекшеліктерін ғана емес, араб тілінде жазылған діни еңбектердің сол кезеңдегі діни-бағыттық ұстанымдары мен классикалық әдебиеттерді түркі тіліне аудару білгендігі сипатталады. Сол еңбектердің ішінде қыпшақ тіліндегі негізгі элементтерді көбірек қамтыған 14 ғасырда жазылған «Иршәдул-мулук уәс-салатин» еңбегі түркі тілі мен әдебиеті тарихында, түркі дүниетанымында маңызды еңбектің бірі болғандығы талқыланады. Аталмыш еңбектің Александрия қаласында Сұлтан Сайфи Баджман бұйрығы бойынша қыпшақ тілінде жазылғандығы зерттеліп, мәтіндеріне герменевтикалық және текстологиялық талдаулар жасалады. Сонымен қатар қолжазбаның Мысырдағы қыпшақ жазбаларының ішіндегі ең бірінші жазылған еңбектердің бірі екендігі қарастырылады.

**Түйін сөздер:** түркі халқы, ортағасырлық түркі дүниетанымы, ислам мәдениеті, мәмлүктер, түркі тілі.

D. Shalkarov<sup>1\*</sup>, K. Aubakirova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>National University of Defense named after the First President – Elbasy, Kazakhstan, Nur-Sultan

<sup>2</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

\*e-mail: Dihya-83@mail.ru

### The continuity of the Turkic and Islamic worldviews in the monument «Irshad al-Muluuk wa as-Salatiin»

The article discusses the manifestations of the medieval Turkic worldview and culture, their direct impact on the Islamic world of the spiritual culture of that period and its viability. The Turkic Kipchaks, known in the historical arena as the Mamluks, came to power in the Islamic world, the Turkic language has a special place in society since that time, the language and its grammatical features were taught in the Islamic world. The distribution of a wide range is considered in detail. It is discussed not only the linguistic features of the Turks in the Kipchak language, but also the religious orientation of religious works written in Arabic and the ability to translate classical literature into the Turkic language. It is discussed that the work «Irshad al-Muluk wa as-Salatin», written in the 14th century, which contains most of the basic elements of the Kipchak language, was one of the most important works in the history of Turkic language and literature, the Turkic worldview. It is studied that this work was written in Kipchak by the order of Sultan Saifi Baiman in Alexandria, and hermeneutic and textual analysis of the texts is carried out. It is also considered to be one of the earliest written Kipchak inscriptions in Egypt.

**Key words:** Turkic people, medieval Turkic worldview, Islamic culture, Mamluks, Turkic language.

Д. Шалқаров<sup>1\*</sup>, Қ. Аубакирова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Национальный университет обороны имени Первого Президента – Елбасы, Казахстан, г. Нур-Султан

<sup>2</sup>Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда

\*e-mail: Dihya-83@mail.ru

### **Преемственность тюркского и исламского мировоззрений в памятнике «Иршад ал-мулуук ва ас-салатиин»**

В статье рассматриваются проявления средневекового тюркского мировоззрения и культуры, их непосредственное влияние как на исламский мир, так и духовную культуру того периода и их жизнеспособность. К власти в исламском мире пришли тюркские кипчаки, известные на исторической арене как мамлюки (тюркского происхождения). С тех пор тюркский язык (древнекипчакский язык) занимает особое место в обществе исламского мира. Обсуждаются не только языковые особенности тюрков на кипчакском языке, но и религиозная направленность литературных произведений, написанных на арабском языке, и умение переводить классическую литературу на тюркский язык. Обсуждается, что произведение «Иршад ал-Мулуук ва ас-Салатиин», написанное в 14 веке и содержащее значительное количество основных элементов кипчакского языка (тюркского языка), было одним из самых важных произведений в истории тюркского мировоззрения, тюркского языка и литературы. Установлено, что это произведение написано на кипчакском языке по приказу султана Сайфи Баймана в Александрии, проводится герменевтический и текстологический анализ текстов рукописи. Рукопись также считается одной из самых ранних письменных кипчакских надписей в Египте.

**Ключевые слова:** тюрки, средневековое тюркское мировоззрение, исламская культура, мамлюки, тюркский язык.

#### **Кіріспе**

Ортағасырлық түркі әлемінде мысырлық түркілерден шыққан мәмлүктердің рухани мәдениетінің түркі дүниетанымы мен мәдениетіне тікелей әсері мен сол кезеңдегі өміршендігі иісі түркі халықтар мен олардың этностық топтарының күнделікті тіршілігінде маңызды орын алды. Тарих аренасында Мысыр еліне құл болып келген мәмлүктер (түркілерден шыққан) біраз уақыт өте келе билікке қол жеткізді. Сол кезеңнен бастап түркі тіліне (соның ішінде қыпшақ тіліне) мән беріліп, қоғамда қомақты орын алып, кең ареалға тарала түсті. Мұсылман әлемінде түркі тілін үйрету барысында тіл және оның грамматикалары тереңдетіле оқытылып, қоғамдық қатынастың күнделікті тіршілігінде маңызды рөл атқарды. Түркілер өздерінің тілдік ерекшеліктерін ғана емес, араб тілінде жазылған діни еңбектерді сол кезеңдегі олардың діни-бағыттық ұстанымдары мен классикалық әдебиеттерді де түркі (әсіресе соның ішінде жалпыға ортақ қыпшақ тіліне) тіліне аударып білді. Бұл еңбектердің ішінде қыпшақша элементтерді ең көп қамтыған 14 ғасырда жазылған «Иршәдул-мулуук уәс-салатин»

еңбегі. Бұл еңбек түркі мәдениетінің негізгі рухани элементтерін қамтып, түркі тілі және әдебиеті тарихында ең маңызды еңбектің бірі болып саналды. Араб тілінде жазылған шарифаттың фикһ ілімінің (аудармасы) авторы немесе бұл еңбекті түркі тіліне аударған тұлғаның авторы да белгісіз екендігі түркі қоғамы үшін қызығушылық тудырды. Зерттеу барысында еңбектің жалғыз нұсқасы Берке Факих есімді түркі ғалымының тарапынан 1387 жылы Александрия қаласында (Мысырда) көшіріліп жазылғандығы (истинсах жасалғандығы – нұсқалары алынған), сонымен қатар бұл еңбектің Стамбул қаласында Сулаймания кітапханасының Аясофия бөлімінде 1016 нөмірімен сақталғандығы анықталды.

#### **Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері**

Ортағасырдағы қыпшақтардың мәдениеті мен тіліне, дүниетанымы мен рухани өмірлерінің ерекшеліктеріне тоқталмастан бұрын олардың тарихтағы орны мен олардың қандай этникалық атауларға ие болғандықтарын анықтау қажеттілігі туындап тұр. Қыпшақтар еуропалық атау бойынша

«Куман» – деп аталса, ислам әлемінде кеңінен таралған еңбектерде олардың есімдері «Қыпшақ» – деген атқа ие болған этнос немесе этностық топтар екендігін анықтау бүгінде маңызды сұраққа айналды. Бұл этностық топтың тарихта екі түрлі атауға ие болуының себептерін түсіндіру қазіргі таңда негізгі мәселеге айналып отыр. Тарих бойы қалыптасқан Куман этностық тобының 1017 жылы қарақытайлар тарапынан қысым көріп, Батысқа қарай көшіп, 1050 жылы Шығыс Еуропаға көш аударып, Қара теңіздің солтүстік жағалауын басып алған кумандар осында қалған печенегтер мен оғыз тайпаларынан қалған этностық топтарымен араласып кеткендігі анықталды. Русь княздығы мен Византияның айдақтауы нәтижесінде печенегтермен соғысып, жеңіске жетеді. Аталған екі мемлекет те бұлармен тікелей дипломатиялық қатынаста болып, тіпті осы екі мемлекет арасында өзара дәстүр болып қалыптасқан қыз алысу салтын да дамыта отырған. Тарихта Русь княздығы 1103 жылы кумандарға үлкен соққы беріп, ауыр бір жеңіліске ұшыратқандығы белгілі. Нәтижеде әлсіреген кумандар шығыстан қыпшақ атауымен келген түркі этностық тобының құрамына кіріп кетті. Қыпшақ атауына ие болған біріккен тайпалар конфедерациясы Еуропада бұрынғы Куман атауымен қала берді. Осы куман-қыпшақ этносының рухани әрі күнделікті тіршіліктерін айқындау, оларды зерделеу үшін аталмыш мақала тақырыбы таңдалып алынды. Ортағасыр кезеңіндегі қыпшақ тілінің түркі тілдерінің ішіндегі алатын орны ерекше екендігі мен ислам әлемінде кеңінен таралған ғылым және білім тілі екендігін дәлелдеу мақаланың негізгі міндеті болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігін арттыру үшін сол кезеңдегі қыпшақ тіліндегі жазылған қолжазба еңбектеріне текстологиялық талдау жасалады.

### **Ғылыми зерттеу әдіснамасы**

Мақала жазылу барысында қажетті материалдарды даярлау үшін тақырыптың өзектілігі мен көлемділігіне назар аударылды.

Тақырыптың әдістемелік негізін шетелдік қолжазбалар мен қайнаркөздер құрайды. Мақалада талқыланатын негізгі тақырыптар ортағасырлық қыпшақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері мен осы тілдің кең ареалда таралғандығы, ислам әлеміндегі араб тіліндегі жазылған діни трактаттардың мазмұнын ашуда қыпшақ тілінің маңызды орынға (әсіресе Орталық Азия түркілерінің діни ұстанымдары үшін) ие екендігі зерттеледі. Зерттеу барысында «Иршәдул-мулук уәс-салатин» қолжазбасының жалғыз түпнұсқасы мен түркиялық ғалымдардың зерттеу жұмыстарының кейбір транскриптік еңбектері жетекшілікке алынды. Сонымен қатар биографиялық сөздіктер мазмұндары мен Сулаймания кітапханасындағы қолжазбаның каталогтық сақталу орны зерделенді. Осы бағытта бірқатар зерттеу жүргізген түркиялық профессор Реджеп Топарлының зерттеу жұмыстары да назарға алынды. Шетелдік ғалымдардың бірқатар іргелі теориялық және практикалық тұжырымдары ескерілді. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, сөздердің этимологиялық астарларын сипаттау, салғастырмалы әрі салыстырмалы сипаттағы әдістер, саралау мен тұжырымдау, герменевтикалық талдау жұмыстары жүргізілді.

### **Нәтижелері және талқылама**

XII ғасырдан бері Куман және Қыпшақ атауы бір халықтың атауының негізін көрсетіп келеді. Қыпшақтардың басшылығы негізінде ұлы бір этностық топ қалыптасты. XII ғасырдың ортасына қарай Моңғол шапқыншылығының нәтижесінде, олардың жыл сайынға кеңейтіп отырған территориясын басқаруы нәтижесінде қыпшақтардың одан да мықты дамып, кең ареалға таралуына түрткі болды. Осының нәтижесінде қыпшақтар Мажарстан, Румыния, Ресей мен Грузия жерлеріне дейінгі жерлерді алып жатты. Сол жердегі кейбір түркі этностары жергілікті халықтың діні болған христиандықты қабылдай отырып, өзіндік ұлттық және этностық нақышынан (кодын) да

айырылып қалды. Қыпшақтар тек Орталық Азия мен Кавказда ғана емес, тіпті Мысыр жерінде де мәмлүк сұлтанатының дамуы мен қалыптасуына тікелей әсерін тигізіп, сол кезеңдегі араб халифатының саяси-экономикалық, әскери тіршілігінде де маңызды орынға ие болды. Қыпшақтар доминантты этностық топ ретінде әлемге кеңінен таралып, ортағасырдағы әлемдік саяси аренада өз саяси өміршендігін көрсете білді.

Жалпы XIII және XIV ғасырларда Кіші Азия мен Мысыр жерлерінде қыпшақтар таралып, олардың тілдері де өлкеде басымдыққа ие бола бастады. Бұлардың осы кеңістікте жайылып, таралуына сол кезеңдегі көршілес жатқан мемлекеттердің әртүрлі саяси әрекеттері тікелей әсер етті. Олардың әлемдік саясаттағы орнының ерекшелігі өзге елге құлдыққа сатылып, құлдықтан әскер басқаратын қолбасшы дәрежесіне дейін көтерілген қыпшақтар да болғандығын дәлел ретінде қарастырсақ солардың бірі атақты Сұлтан Бейбарыс. Қыпшақ түркі тілі ортағасырдағы түркі тілдерінің батыс тобына кіретін көне бір тіл тобына жатады. Қыпшақтар өздерінен бұрын Қара теңіздің шығысына көшкен түркі тайпаларын өз құрамына кіргізіп, Батыс түркі тілінің солтүстік бағытын қалыптастырып отырды. Мәселенки, атақты жағрапияшы әрі тарихшы, тіл маманы Абу Хайян әл-Гарнати (д.ө.ж. 1344ж.) түркі тіліне байланысты төрт еңбек жазған. Авторы белгісіз «Иршәдул-мулук уәс-салатин» еңбегі сол кезеңдегі патшалар мен сұлтандарға ақыл кеңес, жол көрсету мақсатында арабшадан қыпшақ тіліне аударылған.

Аталмыш еңбектің мәтіні мен мазмұнына келер болсақ, Александрия қаласының сұлтаны Сайфи Баджманның ғалымдарға берген бұйрығымен жазылған. Ал еңбектің авторына келер болсақ, тіпті араб тілінен түркі тіліне (қыпшақ тіліне) аударған аудармашының есімі де белгісіз. Мәтіннің соңғы бетінде (коллофонында) осы нұсқаның Берке ибн Баракуз ибн Кандуд ибн Оки тарапынан истинсах (көшірме немесе нұсқаны көбейту) жасалғандығы жазылады (Brockelmann, 1898: 812).

1387 жылы яғни хижра жыл санауы бойынша 789 жылы Шәууал айының 20 жұлдызында Александрия қаласында еңбектің жазылғандығы белгілі. Бұл еңбек Алтын Ордадағы қолданылған ресми тіл болып саналатын хорезмше жазу тіліне өте жақын бір тілде (қыпшақша) жазылған. Еңбек Кутбтың Хосроу Ширині сияқты 1383 жылы Александрияда қыпшақ факиһі Берке Факиһ тарапынан истинсах етілген. Берке Факиһ қыпшақша еңбекті истинсах етумен ғана шектелмей, еңбектің соңында өз тарапынан бір манзума (қосымша мағлұмат) ретінде жазған. Берке Факиһтің Кутбун Хосроу и Ширин еңбегінің соңында қосқан қосымшада Ананиац Зашацковский, Абд ал-Қадр Инан, Наджм ад-дин Хаджименоғлы тарапынан жарияланғандығы жазылады. Бұл манзума мазмұнынан Берке Факиһ туралы кейбір мағлұматтарды ала аламыз. Бұл мағлұматтардан Берке Факиһтің Әмір Алтын Бұғаның сарайында екендігін білеміз. Оның дінсіздерден мұсылмандар үшін кек алуға Берке Факиһтің ғазават(жорық) ниетімен Александрия қаласына келгендігі жазылады. Бұл ғазаваттың кипрліктерге қарсы жасалғандығын сол заманғы қоғамдық-саяси оқиғалардан байқауға болады. Берке Хосроу и Ширин манзумасын Александрияға өзімен бірге келген досы Кутлу Ходжаның ұсынысымен жазғандығы айтылады. Ғалым білімі мен ғылымының арқасында бүкіл Мысыр атрапына мәшһүр болса да, өзінің еңбегінде сол кездегі қоғамда факиһтерге белгілі бір құрметтің қалмағандығы, заманының қиындығына байланысты бірде тоқ, бірде аш болғандығы туралы өзіндік наразылығын да білдіріп жазады. Берке Факиһ бұл еңбекті Құтты Білік еңбегіне жақындатып жазса да, оның шайырлық қасиетінің болмағандығы, бәйттердің бір-біріне сай келмей, бір тұтастықпен жазылмағандығын байқаймыз.

Еңбектің тілі Алтын Ордадағы қыпшақ тілінен өзгешелігі жоқ, ескі түркімен тілінің әсері аз. Абд ал-Қадир Инан Берке Факиһтің жазған манзумасының мазмұнын Мысырдағы қыпшақ жазбаларының ішіндегі ең

бірінші жазылған еңбектер қатарына жатқызады. Жалпы «Иршәдул-мулук уәс-салатин» еңбегі фикһ ғылымының тақырыптарын қамтып, ханафийа мазхабының фикһтағы ғалымдар көзқарастары талқыланған. Бұл еңбектің авторы кейбір фикһи (шариғат нормалары) мәселелерде өз көзқарастарын да білдіріп жазып отырған. Аталмыш еңбек 29 кітап, 56 баптар мен 93 фасылды (бөліктер), соңында фикһ саласына кіретін 49 мәселені қамтыған қорытынды бөлімді құрайды (Факих, 1385: 1/А парағы).

Қолжазбаның кіріспесінде (1/А парағы) жаратушыға мадақтау, пайғамбар мен оның туыстарына дұға тілектен кейін еңбектің жазылу себептері түсіндірілген. Александрия билеушісі Сайфи Аджман ханафийа мазхабына сай мазмұны кең бір еңбектің жарыққа шығуын талап еткендігі байқалады. Автор сол бұйрықты орындау мақсатында осы еңбектің жазылып «Китаб Иршәдул-мулук уәс-салатин» есімін бергендігін жазған. Яғни, бұл берілген әмір мен талаптан сол ғасырда ханафийа мазхабының тек қана Орталық Азияда емес, араб (басқа да мұсылман мемлекеттері) әлемінде де маңызды орын алғандығы көрінеді. Кітаптың кіріспе бөлімінде дәл осы ханафийа мазхабының талабына сай шариғат нормалары болып саналатын парыз, уәжіп, сүннеттер мен әдептердің үкімдері, Аллаға құлшылық ету жолдары мен оның ризалығына қол жеткізу жолдары жазылған. Ислам діні бойынша күшірлікке түскен адамның белгілері мен діннен шығып кету қауіптерін, ақидаға байланысты 62 мәселені қамтыған бөлімдер (тазалық кітабы, намаз кітабы, зекет кітабы, ораза кітабы, қажылық кітабы, ант беру кітабы, құлды азат ету кітабы т.б...) болып табылады. Бұл еңбектің түркі әлеуметі үшін маңыздылығы оның мәтіндерін зерттеп, мәтіндеріне түсіндірме беру осы уақытқа дейін жасалмағандығында болып тұр. Зерттеу барысында тек қана Стамбул университеті әдебиет факультетінің түрік тілі және әдебиет бөлімінің 9 студентінің бірлесіп жазған бітірушілік ғылыми зерттеу жұмыстары ғана көзге түседі. Араб тіліндегі

жазылған мәтіндерден сөйлем сөйлем, сөз бе сөз аударылғандықтан сөйлемдер көбінесе түркі тілінің грамматикалық қағидаларына сай келмейді. Пайымдауымызша, автор (аудармашы) араб тілін толығымен жақсы меңгерген маман болуы әбден мүмкін. Аудармасында қателіктерге бой бермеген. Мәтіннің аудармасында қолданылған 4200 сөздің 57%-ы (2407 сөзі) араб тілінде, 41%-ы (1700 сөз) түрікше, 2,5%-ы (93 сөз) парсы тілінде қолданылған. Автор кейбір тілдік, діни терминдерді кейде түркі тілінде, кейде араб немесе парсы тілдерінде қолданып, оның тіл байлығының кең, әрі бай, терминдердің ауқымын кеңірек қолданғандығы байқалады.

Қолжазбаның 1/Б парағында:

بشلامد الوغ تنكري اتي برلا قموغ عالم غا رزق برکان  
تنكري خاص مومنلارني يرليقاغان تنكري جمع اوکماکليک  
اولتنکريکا کم کوندارکان ترور توز يولغا تع توغرو يولغا کم  
اول سقلاغان ترور يازوقدان تغ ياغوزلوقدان تع دعا تع  
سلامات ليق محمد اوزا بولسون کم اول نبيلارنينک سونکي  
ترور اوليالارنينک بيکي ترور تع انينک يوقلاري اوزا بولسين  
کم انلار طيب ترورلار تع اريغ ترورلار. نيچا کم بير تع کوک  
دايم ترور. اما اوندان سونکرا قجان کم کوردوم ايرسا جناب  
عالينينک رغبتيني/ مولوي بي بويوک اسکندرية شهريندا  
عظمتلي سلطانات وکيلي.

Башладым Улуғ Тангри аты бирлә қамуғ аламға ризқ берган Тангри хас муминларни ярлиқаған Тангри жамъ укмаклик эввал Тангрига ким кундарган турур туз юлға та туғру юлға ким аввал сақлаған турур язукдан та яғузлукдан та дуа та саламатлик Мухаммад ууза булсун ким аввал набиларнинг сунги турур аулияларнинг бийиги турур та анинг якуқлари уза булсин ким анлар таййиб турурлар та ариғ турурлар. Нижа ким йир та куқ доим турур. Аммо ундан сунгра қачон ким курдум йирса жаноб Олининг рағбатини / Маулауи би Буюк Искандерия шаһриинда азаматли султанат вакили.

Барша әлемге рызғы берген, момындарды тура жолға салып, жарылқаған Ұлы Тәңрі атымен бастадым. Барлық мадақтаулар тура және түзу жолды көрсеткен Тәңріге ғана тән. Мұнда зер салып қарар болсақ қолжазбаның арабша нұсқасында Алла деген есім қыпшақ

тілінде Тәңрі сөзіне ауысады. Алайда бұл атаудың мағынасы бір ұғымды (яғни жаратушы ұғымын) беретіндігін автор баса көрсете білген. Сонымен қатар автор мәтінде араб тіліндегі «هداية» – Хидаят – туралық» сөзін қыпшақ тілінде «توز يولغا تع توغرو يولغا» – Тууз юлға таъ туғру юлға» түзу және тура жолға деп беріп, бұл жолды тек Тәңрі тарапынан ғана берілетіндігін тілге тиек еткен (Ibn el-Fakih, 1885: 146-148).

Автордың «Язукдан та яғузлукдан» – деген сөзінен жамандық пен жауыздықтан дұға тілек етіп тек Тәңріге жалбарынамын деген ұғымның, Алладан саулық пен саламаттық тілеудің бір жолын көрсеткендігін аңғаруға болады. «Мухаммад ууза булсун ким аввал набиларнинг сунги турур» – деген сөйлемде соңғы пайғамбар Мухаммед (с.а.с.) ке салауат айтып, оның әулие-әнбиелердің жанында оның дәрежесінің жоғары екендігіне мән берген.

Қолжазбаның 2/А парағында:

علم حاصل قلماق اجندا تنكري تعالي انينك باقي عمريني  
اوزون قلسون تع تنكري انينك عزتيني دايم قلسون تع نعمتي  
ني دايم قلسون. تع تنكري تعالي انينك كونكل كوزيني كورار  
قلسون. تع تنكري انكار ياري قلسون. مغت ايزلا دي اول جناب  
اشارت قلنمش ترور انكار من قولدان كم جمع قلسام انكا بير  
كتاب قسقاراق جمع قلغان بولغاي تع منفعت لي بولغاي تنكري  
كا قوللوق قيلماق اجندا امام اعظم مذهبي اوزا كيم انينك كني تي  
ابي حنيفة ترور. تنكري راضي بولسون اندان. قسقاراق  
بولغاي ابو حنيفة مذهبي اوزا اعتماد قلنميش بولغان انينك اجندا  
من تقي ايلكارو كيلدم بويورق قا بويون سونوب جنال عالي  
نينك رسمي برلا اشلرلت قلنمش ترور انكار ثواب ته  
بارمسونوب تنكري تعالي دان تع تنكري تعالي دان توفيق  
ايزلاب راست سوزلاماك كا تع عصمت طلب قيلب خطا  
سوزلاماكان تع اول نارسا كم واجب قيلور عقاب ني اندان  
سقلانوب تع بو كتاب كا

İlm tahsil kılmak içinde Tengri aning baki ömrini uzun kılsun taki Tengri aning izzetini dayim kılsın taki Tengri Teala aning köngül közini körer kılsın taki Tengri angar yari kılsın. Mağat izledi ol Cinab işaret kılınmış turur angar men kuldan kim cem kılsam anga bir kitab kıskarak cem kılğan bolğay taki menfeetli bolğay Tengriğe kulluk kılmak içinde İmam-ı-Azam mezhabi öze kim aning künyeti Ebi Hanife turur. Tengri razı bolsun andan. Kıskarak bolğay Ebu Hanife mezhebi öze

itimad kılınmış bolğay aning içinde men taki ilgeru kıldım buyrukka boyun sunup Cinab-ı Ali-ning resmi birle işaret kılınmış turur angar. Sevab umsunup Tengri Tealadan taki Tengri Tealadan tevfik izlep rast sözlemekke taki ısmet talep kılıp Tengriden hata sözlemekden taki ol nerse kim vacib kılır ikabını andan saklanıp.

Ғылым және білім алу жолында Тәңрі оның қалған өмірін ұзақ қылсын, оның құрметі мен кереметін, нығмет рызғысын Тәңрі тағала арттырсын. Оның көңіл көзін, парасаты мен санасын Тәңрі тағала ашсын. Бұл жинақтаған қысқаша кітабым Абу Ханифа лақабымен барша ислам әлеміне мәшһүр болған Имам Ағзам мазхабы бағытында жазылған. Тәңрі тағала одан разы болсын. Мен мәртебелі Алидің ресми берген бұйрығына мойынсұнып осы қысқаша кітапты бастап отырмын. Бастамастан бұрын Тәңрі тағаладан тәупиық сұрап, сөзімнің ақиқатқа жанасуын тілеп қателікке жол бермеуге Тәңріден ғана медет сұраймын (Toparlı, 1992: 338).

Мәтінде автор түркі дүниетанымындағы кеңінен таралған Тәңрі ұғымын көбірек қолданғандығын, оған ислам әлеміндегі жаратушы Алла Тағала ұғымының атауын түркітілдес этностық топтардың дүниетанымындағы әбден сіңіп кеткен Тәңрі ұғымын көп қолданады. Яғни бүкіл әлемді жаратқан, бүкіл жаратылыс иелерінің жаратушысы, тура жолды көрсеткен, қателік пен зұлымдықтан сақтаған адамзаттың жаратушысы тек Тәңріге (яғни, Алла Тағалаға) жалбарыну мен тек содан медет, көмек сұрауды көздейді. Демек, автор мәтінде Алла Тағала деп жазбай, Тәңрі тағала ұғымын көбірек пайдаланады. Ғылым және білім алу жолында деген сөз тіркесінде түпнұсқалық араб тіліндегі мәтінде «في تحصیل العلم» – фи тахсил илм» «тахсил» масдары қолданылса, қыпшақ тіліндегі нұсқасында «علم حاصل قلماق» – Илми хасыл қылмақ» «хасил» сөзі қолданылады. Ал түрік тіліндегі аудармасында доктор Реджеп Топарлы еңбегінің транскриптііндегі нұсқасында «İlm tahsil kılmak» «тахсил» сөз тіркесін қолданған. Бұл жерде түркиялық автордың араб тіліндегі мәтінге

сүйеніп, қыпшақ тіліндегі нұсқадағы «хасил» сөзін қолданбағандығын байқауға болады.

Мәтінде автор Орталық Азиядағы мәшһүр болған Абу Ханифа лақабымен баршаға белгілі болған фикһ ғалымы Абу Ханифа мазхабының бағытында өз кітабын бастап жазатындығы мен оның ислам әлемінде маңызды мазхаб әрі жетекші мазхаб екендігіне басымдық береді. Автор түркі дүниетанымындағы Тәңрі ұғымынан басқа да барша түркі халқына ортақ тәупиық, ынсап, қанағат, мойынсұну, парасат, мәшһүр деген сөздерді қолданған (Islam Ansiklopedisi, 2002: 447).

Сонымен қатар Александрия әмірінің (сұлтанының) де авторға бұйрық беріп осы кітаптың ханафийа бағытында жазылуын талап еткендігін әбден байқауға болады. Сол себептен автор еңбегінде Тәңрі сөзінің көп қолданылып, түркітөктес халық арасында бұл еңбектің маңызды орын алатындығын басып көрсетуге болады. Осы кезеңдегі авторлардың өз еңбектерін бірінші жаратушыға мадақтаулар айтып, пайғамбарларға салауат айтып бастау үрдісін кез-келген авторлардың еңбектерінен байқай аламыз.

Қолжазбаның 2/Б парағында:

ارشاد الملوك والسلطين تيب ات بيرديم تنكري تعالي كا  
سغغان دان سونكرا تع تنكري كا توكل قلغاندان سونكرا تع  
تنكري دان خير طلب قلغان دان سونكرا تع ايشم ني تنكري كا  
تسليم قلغاندان سونكرا. تع انكديم اينيك ايجندا كراكلي لارني  
كم حاجت سيز بولماس اندان تكليف قلنمش قول تع بيان قيلديم  
اينيك ايجندا فرض لارني تع واجبارني تع سنت لارني تع  
ادبارني بول سون اوجون اول قولغا ياري يراتقان غا طاعت  
قلماق ليق غا تع رزق بيركان تنكري كا طاعت قلماق ليق قا  
تع يقين بولغاي تنكري نينك رضاسينا تع رحمتينا تيلادم تنكري  
تعالي دن اولوغ ترور اينيك قدرتي كم قلغاي اول نارسا كم من  
قصد قلدیم تع نيت قلدیم خالص قلغاي تنكري نينك راضي ليق  
اوجون تع يقين قلغاي رحمتنا فضلي برلا تع كرمي برلا اول  
تنكري

İrşadül-Muluk ve-s-selatin tip at birdim  
Tengri Tealige sıgıngandan songra taki Tengri  
tevekkül kılğandan songra taki Tengriden  
hayri taleb kılğandan songra taki işimni  
Tengriye teslim kılğandan songra. Taki angdim  
aning içinde kerekliilerini hacetsiz bolmas andan  
teklif kılınmış kul taki beyan kıldım aning

içinde farzlarnı taki vaciblerni taki sünnetlerni  
taki edeblerni bolsun üçün ol kulga yari  
yaratganga taat kılmaklıkka taki rızık birgen  
Tengriye taat kılmaklıkka taki yakin bolgay  
Tengriyening rızasına taki rahmetine. Tiledim  
Tengri Tealadan ulug turur aning kudreti kim  
kılğay ol nerse kim men kasd kıldım taki niyyet  
kıldım halis kılğay. Tengriyening razılıklı için  
taki yakin kılğay rahmetine fazlı birle taki  
keremi birle.

Тәңрі тағалаға сыйынғаннан соң, Тәңрі тағалаға тәуекел етіп, одан жақсылық тілеп, ісімді Тәңріге тапсырғаннан соң еңбегіме «Иршәдул-мулук уәс-салатин» – деп ат қойдым. Еңбегімнің ішіндегі жазылған құндылықтар руханиятымызға әсері болар деген үмітпен қарапайым пенделер де одан пайдалануына мүмкіндік болар деген үмітпен жаздым. Сол себептен шарифаттың парындары мен уәжіптерін, сүннеттері мен әдептерін құл пенде орындауының жолдары көрсетілген. Яғни Тәңрінің ризалығы мен рахметін алу үшін, оған итағат етудің жолдары мен оған жақын болудың жолдарын тізіп жазып, рызғы берген және оның құдіретінің мол екендігін сезініп, ниет етіп мақсатыма жету үшін осы еңбекті бастадым. Жаратушының кереметі мен ризалығына кенелу үшін, мейіріміне бөлену үшін әрекет еттім (Shalkarov, 2014: 706).

Автор өз еңбегін «Иршәдул-мулук уәс-салатин» атымен бастап, яғни «Патшалар мен сұлтандарға жол көрсету (нұсқаулық)» деген есім беріп, оның жаратушы Тәңріге тәуекел еткендігін, барлық істің нәтижелерін жаратушы Тәңріден ғана үміт етіп күткендігін, сонымен қатар еңбекте қателік жол бермес үшін Аллаға сыйынғандығын, мұсылман қауымының бұл еңбектен руханияты үшін пайдаланатындығын, тек патшалар мен сұлтандарға ғана нұсқаулық емес, мұсылман қауымның бұл еңбектен шарифат нормаларымен тікелей таныса алатындығын, Алланың разылығы мен оған сыйынудың жолдарын көрсету мақсатында автор осы мәселелерге тоқталып өтеді.

Автор тек жаратушы Тәңріге ғана сыйынуды, оған ғана құлшылық ету мен итағат

етудің жолдарын нұсқап, олардың құлшылық рәсімдеріндегі кейбір құндылықтарды түркі мәдениетімен салыстырып, соған сай етіп көрсете білген. Қыпшақ тіліндегі «ارشاد» мәтінді автор еңбектің атын «Иршад ал-Мулуук уа ас-Салатиин тиип ат бирдим» деп көрсетсе, бұл жерден араб тіліндегі «есім - اسم» мағынасын қыпшақ тіліндегі «ат – ات» – деген ұғыммен ауысқандығын байқаймыз. Сол сияқты қазақ тіліндегі «деп» сөзінің қыпшақ тіліндегі «тиип – تيب» – деген ұғыммен ауысқандығын көреміз (Şeşen, 1988: 146).

Мәтіннің қыпшақ тіліндегі нұсқасында «تتكري تعالي – Тәңрі тағала» ұғымының кеңінен қолданғандығын көреміз. Сол кезеңдегі түркі дүниетанымы үшін Алла Тағала ұғымынан қарағанда «Тәңрі тағала» ұғымының қолданылуының басымдыққа ие екендігі анықталды. Мәтінде қыпшақ тіліндегі «سغىغان دان سونكرا – Сығынғандан сунгра» сөзі қазақ тілінде сыйынғаннан соң деп аударылып, «сыйыну» етістігінің түркі тілінде кеңінен бір қолданысқа ие болған етістік екендігін көруге болады.

Мысалы, Сыр бойындағы Сығанақ қаласының да осы түбірлі бір сөздің төркінінде жатқандығын айта кеткен жөн. Сығанақ яғни қорғанатын, сыйынатын жер деген мағынаға да келетіндігі анық. Мәтіндегі «سونكرا – сунгра» сөзінің де қазақ тіліндегі баламасы соң немесе сосын деген ұғымның мәнін ашады. Мәтінде қыпшақ тіліндегі нұсқасында «تع تتكري كا توكل – Та Тәңрига тауаккал қилғандан» – деп жазса, қазақ тілінде «Тәңріге тәуекел етуден» – деп аударылады (Косоний 1991: 147).

Мәтіннің «تتكري دان خير طلب قلغان دان – Сонкрате Та Тангридан хайр талап қилғандан сунгра» – деген сөйлемінде «خير طلب – Хайр талап» сөзі жақсылық талап ету деп аударылып, автор бұл жерде خير طلب сөздерін араб тіліндегі түпнұсқалық мәтіндегі негізгі сөздерді пайдаланған. Яғни طلب сөзіндегі ت әрпін түркі мәдениетіне сіңіп кеткен қарпін пайдаланса немесе خير сөзіндегі خ қарпінің орнына қарапайым ح әрпін пайдалануға болар еді. Алайда еңбек авторы бұл

діни терминологияларды түркі дүниетанымына жаңадан таныстыру ниетімен араб тіліндегі түпнұсқалық сөздерді пайдаланып, түркі дүниетанымына сіңдіруге тырысқан секілді.

«تتكري كا تسليم قلغاندان سونكرا» Тангрига таслим қылғандан сунгра» – деген сөйлемде Тәңріге берілген соң деп аударылып, яғни «таслим» сөзін автор араб тіліндегі нұсқасын пайдаланғандығын көреміз. Түркі тілінде бұл сөз «Тәңріге берілу» болып аударылса автор мұны қыпшақ тілінде «таслим қылу» – деп аударарды. Қазақ тілінде де «Оның жаны тәсілім болды» – деген сөйлемде де жанның жаратушыға берілуі туралы түсінікті пайымдауға болады (Çağbaуıғ, 1996: 136).

Мәтіндегі «تکليف قلنمش – Таклиф қылынмыш» сөзі түркі тілінде ұсынылу болып аударылады. Қыпшақ тілінде бұл етістік түрі «таклиф қылынмыш» формасында діни дүниетанымдық аспектілер үшін де қолданылады. Автор парыз, уәжіп, сүндет сияқты шарифат амалдарының түпнұсқалық негіздерін жаза отырып, осы терминдерге түркі тіліндегі жалғауларын қосып, қыпшақ дүниетанымына сай мысалдар келтіре білген. Мысалы, «فرض لارني تع واجبلارني تع سنت» – фарзларни, уажибларни, таа суннатларни» – деп діни терминдердің түпнұсқалық мәтіннен ұзақ кетпедің де жолдарын көрсете жазған. «اول قولغا ياري يراتقان غا طاعت» – Аууал құлға яри яратқанға тоат қилмақ» – деген сөйлемде «тоат» сөзі арабша «طاعت» – деп алынған, бұл жерде автор итағат сөзі емес тағат сөзін шебер қолдана білген. Қазақ тіліндегі «итағат ету» – деген ұғымды «тоат қилмақ» – деп қыпшақ тіліндегі баламасын қолданысқа енгізген. Сол сияқты қыпшақ тіліндегі «яқин» сөзі «يقين بولغاي» – яқин булғай» – деп жазылып, қазақ тіліндегі «жақын» сөзінің мағынасын аша түседі.

«تتكري نينك رضاسينا – Тангрининг ризасына» – деген ұғымда да автор «риза» сөзін араб тіліндегі رضا сөзінен алып, түпнұсқалық араб тіліндегі мәтінге сүйенгендігі байқалады. «تتكري بتعالي دن اولوغ تروور» – Тәңрі тағаладан



улуғ турур» – деген мәтінде қыпшақ тіліндегі «اولوغ– Улуғ» сөзі қазақ тілінің Ұлы деген ұғымымен сай келетіндігін көреміз. «اول نارسا کم من قصد قلديم» – Аввал нәрсе ким ман қасд қилдим» бұл сөйлемде автор «мақсат ету» ұғымын «قصد قلديم– қасд қилдим» – деп араб тіліндегі негізгі мәтіннен алады. «تع نيت – Та ният қилдим холис қалғай» сөйлемінде де ниет ету ұғымын ниет қылдыммен салыстырса, халис терминін де араб тіліндегі түпнұсқа етістіктен ала отырып, қыпшақ тіліндегі «قلغاي– қылғай» қосымша етістігін пайдаланған (Серік, 1995: 456).

Қолжазбаның 3/А парағында:

فصل. بلکيل راستي واجب مکلف قول اوزا اول اول ترور کم بلکاي تنکريسيني انينک اوجون کم يراتي اني تع رزق بيردي انکار اول تورلو کم اينتي تنکري تعالي تع صورت قيلدي سيزني صورت لارنينک کوجاکي اوزا تع رزق بيردي سيزکا حالدان قجان کم تنکري ني بلسا واجب بولور انينک اوزا کم تنکري ني برلاکاي اورتاق قتماق دان تع انکار اوحشاش قيلملق دان تع اريغ قلغاي تنکريني اتادان انادان تع اوغول قيزدان نتاک کم وصف قيلدي تنکري تعالي کندو اوزوني تع اينتي اينتل يا محمد اول تنکري بير ترور اول تنکري سغغان لارنينک سغنجي سي ترور توغماди تع توغولماди تع بولماди انکار تنک توش هيچ کمرسا تع اينتي تنکري تعالي راستي تنکري تعالي بير ترور اريغ ليق انکار

Bilgil rasti vacib mükellef kul öze avval ol turur kim bilgey Tengrisini aning üçün kim yarattıanı taki rızk birdi angar ol türlüğ kim ayıttı Tengri Teala taki suret kıldı sizni suretlerning kökçeği öze taki rızk birdi sizge halaldan. Kaçan kim Tengrini bilse vacib bolur aning öze kim Tengrini birlegey ortak katmaktan taki angar oñşaş kılmaktan taki arıg kılğay Tengrini atadan anadan taki ogul kızdan neteg kim vasf kıldı Tengri Teala kendü özüni taki ayıttı ayıtgıl ya Muhammed ol Tengri bir turur ol Tengri sıgınganlarning sıgıncısı turur togmadı taki togrulmadı taki bolmadı angar ting tuş hiç kimerse. Taki ayıttı Tengri Teala rasti Tengri Teala bir turur arıglık angar.

Мукаллаф (шариғат нормалары мойнына міндет болған тұлға) құлдың ең әуелі оны Тәңрі жаратып, рызғы берген жаратушы екендігін, әдемі суреттеп жаратып, рызғыларыңды адалдан жаратты. Кімде-кім балағат жасына жеткен болса, және жаратқанын таныса оған (яғни жаратушыға) серік

қоспауға, оны басқаға, адамдар мен басқа да жаратылғандарға ұқсатпауға тиіс. Бұл туралы Ықылас сүресінде: «Әй Мухаммед с.а.с. айт: Ол Тәңрі біреу, сыйынғандардың сыйындырушысы, тумаған туылмаған. Оған тең келер ешкім жоқ» (Факих, 1385: 3/А парағы).

Автор бұл мәтінде балағат жасына жеткен жеке тұлғаның ең әуелгі міндеті Тәңріні бір деп танып, оған серік қоспауға, ешкімге ұқсатпауға тиіс екендігін дәлелдейді. Оның осы әлемді жаратқандығын мойындауға, оның ерекше бір құдірет иесі екендігіне сенуге, жер бетіндегі бүкіл рызғы жаратушы Тәңрі тарапынан берілетіндігіне, оның пендеге адал етіп жаратылып, адамзаттың сол рызғылардан теріп жеуге мүмкіндік берілгендігі туралы жазылады. Мұсылман баласының Тәңрі жаратушыға антропоморфтық немесе зооморфтық сипаттар берудің дұрыс емес екендігін қасиетті құрандағы Ықылас сүресінің аяттарын дәлел ретінде автор шеберлікпен түсіндіре алған. Мәтіннің бұл алғашқы тарауы араб тіліндегі فصل сөзімен белгіленіп жазылады. Автор араб тіліндегі түпнұсқа мәтіннен уажіб – واجب, мукаллаф, رزق – ризқ, тағала, حلال – халал, وصف – уасф сөздерін қолданған. Тәңрі тағала сөзін Алла Тағала тіркесін емес Тәңрі сөзіне тағала сөзін тіркес ретінде мәтінде көбірек қолданған. Мәтінде «مکلف واجب» сөз тіркесі «балағатқа жеткен тұлға міндетті» – деп аударылады. Қазақ тіліндегі пенде қыпшақ диалектісінде «قول» – құл» – деп аударылса, қыпшақ тіліндегі «بلکاي تنکريسيني» – Білгей Тәңрісіні» – деген сөз тіркесі қазақ тілінде «Тәңрісін білгей немесе жаратушысын білсін» – деп мағынасы беріледі. Қыпшақ тіліндегі «سيزنيقيلديصورت تع – Тәңрі тағала таа сураат қилди сизни» сөйлемінде «Тәңрі тағала сізді осылайша бейнеледі (суреттейді)» – деген мағынада қолданылған (Ess, 1970: 50).

«Ким яратти ани таа ризқ бирди – كيم يراتي» сөйлемінде қазақ тіліндегі жаратты сөзі қыпшақ тілінде «يراتي» – яратти» – деген формада келеді. Ал араб тіліндегі صورة сөзінің соңындағы ة әрпінің

графикасы қыпшақ тіліне ауысқанда араб тіліндегі үлкен ت -ға ауысып, мынадай صورت формасында келеді. Мағынасы суреттеу немесе бейнелеу, пішіндеу мағынасына келеді. Автор араб тіліндегі رزق – сөзінің түпнұсқа негізін ала отырып, аталмыш діни терминнің шарифаттық нормасын бұзбауға тырысып, қыпшақ тілінде де негізгі шарифат нормаларының бірі болып саналатын رزق формасында жазған.

Шарифат нормасының позитив формасын беретін «حلال – халал (яғни адал)» ұғымын да түпнұсқа негізден ала отырып, дұрыс этимологиялық астарларын аша білген. Қыпшақ тіліндегі اورتاق قتماق – «Уртақ қатмақ» діни термині болса қазақ тілінде ортақ қосу немесе серік қосу деген ұғымдарға келеді. Ал اوحشاشقىلملق – «Ухшаш қилмақ» сөз тіркесі қазақ тілінде тек ұқсату мағынасында қолданады. Қыпшақ тіліндегі اوحشاش قيلمق – «Ухшаш қилмақ» сөз тіркесі ортағасырлық қыпшақ тіліндегі Тәңріні тану ілімінде, соның ішінде ислам дінімен сабақтасып жатқан тұсында, ислам философиясының принциптерінің негізін қалау барысында бір діни терминологиялық функцияны атқаратындығын дәлелдей алады. Ал وصف قیلدي – «Ким васф қилди Тангри таьала» сөйлемінде وصف сөзі араб тіліндегі түпнұсқадан алынып, сөйлемде «وصف قیلدي – васф қылды» – деп жазылып, васф-сифат қазақ тіліндегі сипат деген мағынаны береді (Kafkasyalı, 2013: 214).

Қыпшақ тіліндегі «ایتغل – айтғил айытғыл» қазақ тіліндегі айт яғни сөйле деген бұйрық райындағы етістіктің шырайын білдіреді. Мухаммед есімі болса, араб тіліндегі محمد сөзінен өзгермей, қыпшақ тіліне енген. Мәтіндегі «تتكري بير ترور» – «Тәңри бир турур» сөйлемінде жаратушы Тәңрі бір деген ұғымды білдіреді. Қыпшақ тіліндегі ترور жалғау араб тіліндегі графика жеке бір жалғау ретінде қызмет атқарып, кейінірек түркі халықтарының арасында кең таралған «дүр» жалғауына ауысқан. Қыпшақ тіліндегі «توغمادي تع توغولمادي» – «туғмади таа туғрилмади» сөйлемінде ол тумалды дағы туылмады болып аударылады. Қыпшақ тіліндегі «تاکي»

сөзі қазақ тіліндегі -дағы жалғауына ауысады. «هیچ کمرسا – Хич кимерсе (hiç kimerse) сөздері қазақ тілінде еш кімсе болып аударылады. راستي сөзінің екі мағынада қолданысқа ие болғанын байқаймыз. Бұл сөз кейде «айтпақшы» – деген мағынаны берсе, кейде «расымен» – деп те аударылады.

Қолжазбаның 3/Б парағында:

کم بولغاي انکار اوغول قيز. قجان کيم تتکريني بير لاسا تع اربغ قلسا اني اوغول قيزدان واجب بولور انينک اوزا کيم ايمان کلتورکاي ملايکلارکا تع کتاب لارکا تع رسول لارکا تع فرق ایتماغاي بير کيمرسا اراسيندا رسول لاردان قجان کيم قلسا اوشبو نارسالارني حکم قلنور انينک مسلمان بولماق ليقيندا اندان سونکرا واجب بولور انينک اوزا اسلام نينک حکم لاري نمازدان تع زکوة دان تع اروج دان تع حج دان تع اندان اوزکا نارسالار تع واجب بولور سبب لاري تابيلغان حالت دا تع شرط لاري تابيلغان حالت دا تتکري تعالي نينک سوزي بيرلا من بيراتماديم ديوني تع ادم اوغلانلاريني مکر کيم منکا قوللوق قيلمق اوجون بيراتديم تيب. اما اول بشلار بيز اول سوز لار بيرلا کيم کافر بولور. اصل اول نارسا ايجندا کيم کافر بولور انينک بيرلا. تع اول نارسا بيرلا کيم کافر بولماس انينک بيرلا. بيلکيلي راستي کيم کيم يلغان قلسا بير نارساني

Қаған kim Tengrini birlese takı arıg kılsa anı oğul kızdan vacib bolur anıng öze kim iman keltürmek melayiklerge takı kiteblerge takı fark ayıtmağay bir kimerse arasında Resüllerden. Қаған kim kılsa oşbu nerselerni hükm kılınur anıng müsülmanlıkına. Andan songra vacib bolur anıng öze İslam hükmli namazdan takı zekattan takı oruçdan hecден takı andan özge nerseler takı vacib bolur sebepleri tapılğan haletde takı şartları tapılğanhaletde Tengri Tealanıng sözi birle men yaratmadım divni takı Adam oğlanlarını meger kim manga kulluk kılmak üçün yaratdım tip. Amma avval başlar biz ol sözler birle kim kafir bolur. Asl ol nerse içinde kim kafir bolur anıng birle takı ol nerse birle kim kafir bolmaz anıng birle. Bilgil rasti kim kim yalğan kılsa bir nersenі....

Мұсылман баласы (ұл немесе қыз) Тәңріні бір деп танып, періштелерге, кітаптар мен пайғамбарларға, пайғамбарларды бір-бірінен артық көрмей бәріне иман етуі тиіс. Кімде-кім осылардың барлығына кіршіксіз сенер болса оған мұсылман деген үкім беріледі. Балиғатқа жеткен мұндай мұсылман баласына намаз, ораза, зекет сияқты шарифат үкімдері парыз уә уәжіп болады.

Бұл үкім туралы құрғанда Алла Тағала бәлкі «Адам баласын мыңан құлшылық ету үшін жараттым» – дейді (Kavakı, 1976: 176).

Ал осы шариғат үкімдерінің барлығын бір пенде жасағанға шығарып, мойындамаса ол күпірлік жолына түседі. Автор бұл жерде мұсылманның кәмелет жолына жеткен соң мейіміне шариғат нұрмаларын орындау міндеті жүктелетіндігі мәселе қозғалады. Сонымен қатар адамзаттың жаратушыны бір деп тану, оған қолына келтіретін мыңдай сену, жаратушы тарихының адамзат баласы үшін жіберілгендігі, жаратушының адамға жіберілген нұрыштарына, оның пайғамбарлар арқылы әлеуметке жіберілген кітаптары мен пайғамбарларына сену мәселелері қозғалады. Осыған сену жолында ешқандай күманға жол бермеген адамның мыңының кәміл болып, толыққанды мұсылман болуын тілге тиек етеді.

#### Қорытынды және тұжырымдары

Қорыта келсек, мәтінде қыпшақ тіліндегі «كۆرگای مەنكۆرگایم ایمن» (Қим нәмен келтүргәй мәлкәкәргә) сөйлемінде «ایمن» – нәмен сөкі араб тіліндегі сену сөзінің түпнұсқасынан алынған, қыпшақ тілінде де бұл ұғым түпнұсқа тілден ауытқымған. Қыпшақ тіліндегі «كۆرگای» – келтүргәй етістігі қазақ тілінде келтіру етістігіне сәйкес келеді. Араб тіліндегі «ماک» (періште) сөкінің көпше түрі «ملائک» формасында келеді. Қыпшақ тіліндегі нұсқасында осы «ملائک» формасына «ل» жалғануы жалғануы арқылы жасалады. Қазақ тіліндегі пайғамбарлар сөзінің орнына автор араб тіліндегі «راسول» – رسول сөзін қалдырған. Исламның хукимдері «حکم لاری» сөйлемінде «حکم» – хуким сөзі үкім сөзіне аударылған. Қазақ тіліндегі «орза» сөзі мәтіннің қыпшақ тіліндегі нұсқасында парсы және түрік тіліндегі «اروج» – Оруж – Оруч сөзінен алынғаны байқалады. Ал «ساب» сөзінің табиғаты қалғанда – «سب لاری تالان حات» – «ساب» – деген сөйлемде қазақ тіліндегі себептері деген сөзді «سب لاری» – сабапшыры деп беріп, жатқайда немесе халде деген сөздің қыпшақ тіліндегі нұсқасында «حالت دا» – қалатда» – деп

қалдырылады. Қыпшақ тіліндегі «الحم لوزلاتاری» – адам «ақыншыры» – деген сөйлемде болса «адам баласы» – деп аударылады. Автор бұл еңбектің мазмұнында үш тілдегі дін және тілдік терминдерді қыпшақ тілінің құршымына қарай сол кезеңдегі қарамадық сөзінің талабына сәй несбер қалдыра білген.

Автор сол кезеңдегі қыпшақ тілінің өмірлесудің, оның тек түркі әлемінде ғана емес ислам әлемінде де мыңызды орын алғандығын көрсете білген. Бұл еңбектен зерттеу барысында келетін дін және тілдік терминдердің ерекшеліктерін ортаазиялық түркі дүниетанымы мен шығыстық рухани мәдениеттің негізінде жатқандығын байқаймыз. Әсіресе тілдік элементтердің өзара сабақтастығымен қоса, исламдық дін терминдердің түркі дүниетанымында түпнұсқаның тілдік ерекшеліктер ретінде өрбігендігін байқаймыз. Осы орайда исламдық дін дүниетанымы терминдері мен тілдік мәдениеттің даму сатылары мен қашыптасу тарихын анықтай аламыз. Еңбектің алғашқы бөлімінде жеке тұрғаның дін мәдениетін қалай қалыптастыру мәселесі, өзін өзге дін өкілдері арасында ұстау мәдениеті, оларға деген көзқарастың дұрыс қалыптасуын тақышыуымен қатар, мұсылманның жаратушыны танудары өзіндік позициясын дұрыс қалыптастыру мәдениеті де қарастырылды. Осы тақырыптарды түсіндіруде автор ислам әлемінің қарымдық континенттерін ескере отырып, түркі тілінің дін және тілдік ерекшеліктерін ислам әлемінің дін дүниетанымымен салыстыра қарап, барша әлеуметке тартымды, әрі қызықты тақырып ретінде мысалдар беріп, қыпшақ тілінің бай әрі тілдік ерекшеліктерін ескере білген.

Зерттеу жұмысты ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржылайыруымен №АР09058201» Ирпалуд-мүлүк уәс-салтанә» ескерткішіндегі (XIV р.) теснигәвәст-кышық кеңістік» атты жоба аясында жүргізілді.

### Әдебиеттер

- Brockelmann, C. (1898) GAL, Geschichte der arabischen Litteratur. – Berlin. B.I. – 1072.
- Ceric M. (1995) Roots of Synthetic Theology in Islam. A study of the Theology of Abu Mansur al-Maturidi. – Kuala Lumpur: ISTAC. – 456.
- Ibn el-Fakih (1885). Kitab el-Buldan. De Goeje. – Leyden: Elzeviriana. – 398.
- Islam Ansiklopedisi (2020). – Ankara: TDV Yayınları / İSAM Yayınları. – 529.
- Kafkasyalı M. S. (2013) Milli Akıl ve Türk-İslâm Düşüncesindeki Yeri. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk Kazak Üniversitesi. – Ankara-Türkistan. – 214.
- Kavakçı Y. (1976) XI ve XII asırlarda Karahanlılar davrinde Mavera an-Nahr İslam Hukukçuları. – Ankara: Otto – 305.
- Shalkarov D. (2014) Maturidi teolojisi ve ana kaynakları // Uluslararası İmam Maturidi Symposiumu. – Turkey: Eskişehir, 2014, april 28-30. –705-711.
- Şeşen, Ramazan (1988) Ebû Osman Amr b. Bahr, Hilâfet Ordusunun Menkibeleri ve Türkler'in Faziletleri. – Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları. – 378.
- Toparlı, Recep (1992). İrşadül mülük ve es-selatin. – Ankara: ATATÜRK kültür, dil ve tarih yüksek kurumu, türk dil kurumu yayınları. – 627.
- Van Ess J. (1970) The logical structure of Islamic Theology. Logic in Classical Culture. Edited by G. E. Von Grunebaum. – Otto Harrossowitz. P. – 50.
- Yaşar Çağbayır. Bilge Kağan Yazıtı. Sevim Yörük-Yaşar Yörük. Açıklamalı Atasözleri Sözlüğü. – İstanbul: Serhat yayınları, 1996. – 293 s.
- Сулаймон Косоний (1991) Урта Осиё тарихи. Т. II. III. – Саудия Арабистони мамлақати: Дар-ал-Кутуб. – 360.
- Фақиһ, Берке (1385) «Иршадул-мулук уәс-салатин» қолжазбасы. – Стамбул: Сулаймания кітапханасы, Аясофия бөлімі №1016. – 498.

### References

- Brockelmann, C. (1898). GAL, Geschichte der arabischen Litteratur [History of Arabic Literature]. –Berlin. B.I. – 1072. (in Germany)
- Ceric M. (1995). Roots of Synthetic Theology in Islam. A study of the Theology of Abu Mansur al-Maturidi. – Kuala Lumpur: ISTAC. – 456.
- Çağbayır, Yaşar (1996) Bilge Kağan Yazıtı. Sevim Yörük-Yaşar Yörük. Açıklamalı Atasözleri Sözlüğü. [Bilge Kagan Inscription. Annotated Dictionary of Proverbs]. – İstanbul: Serhat yayınları, 1996. – 293 s. (in Turkish)
- Ibn el-Fakih (1885). Kitab el-Buldan [The book of countries]. De Goeje. – Leyden: Elzeviriana. – 398. (in Arabic)
- Islam Ansiklopedisi (2020). [Islamic Encyclopedia]. – Ankara: TDV Yayınları / İSAM Yayınları. – 529.
- Kafkasyalı M. S. (2013). Milli Akıl ve Türk-İslâm Düşüncesindeki Yeri [National Mind and Its Place in Turkish-Islamic Thought]. – Ankara-Türkistan: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk Kazak Üniversitesi. – 214. (in Turkish)
- Kavakçı Y. (1976). XI ve XII asırlarda Karahanlılar davrinde Mavera an-Nahr İslam Hukukçuları [Mavera an-Nahr Islamic Lawyers in the XI and XII centuries under the Karakhanids]. – Ankara: Otto – 305. (in Turkish)
- Shalkarov D. (2014). Maturidi teolojisi ve ana kaynakları // Uluslararası İmam Maturidi Symposiumu [Maturidi theology and its main sources // International Imam Maturidi Symposium]. – Turkey: Eskişehir, 2014, april 28-30. –705-711. (in Turkish)
- Şeşen, Ramazan (1988). Ebû Osman Amr b. Bahr, Hilâfet Ordusunun Menkibeleri ve Türkler'in Faziletleri [The Legends of the Caliphate Army and the Virtues of the Turks]. – Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları. – 378. (in Turkish)
- Toparlı, Recep (1992). İrşadül mülük ve es-selatin [Guiding the sultans]. – Ankara: ATATÜRK kültür, dilvetarih yüksek kurumu, türkdil kurumuyayınları. – 627. (in Turkish)
- Van Ess J. (1970). The logical structure of Islamic Theology. Logic in Classical Culture. Edited by G. E. Von Grunebaum. – Otto Harrossowitz. – 50.
- Косоний, Сулаймон (1991). Урта Осиё тарихи [Central Asian history]. Т. II. III. – Саудия Арабистони мамлақати: Дар-ал-Кутуб. – 360. (in Uzbek)
- Фақиһ, Берке (1385) «İrshad al-Muluuk wa as-Salatiin» [The manuscript of «Guiding the sultans»]. – İstanbul: – The Sulaimaniya Library, Department AyaSofiya. №1016. – 498. (in Arabic)